

**ОТЫРАР АУДАНЫ ӘКІМДІГІ  
ҚАУЛЫ**

«4» 03 2019 жыл

№ 56

**Отырар ауданы әкімдігінің  
«Арыстанбаб» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігін  
2019 жылы жекешелендіру  
туралы**

**КӨШІРМЕСІ  
ДҰРЫС**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына, «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысына және «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Отырар ауданы әкімдігінің «Арыстанбаб» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2019 жылы жекешелендіруге жатқызылсын.
2. Отырар аудандық экономика және қаржы бөлімі (Э.Бейсенова) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Р.Әлішке жүктелсін.

Аудан әкімі



Е.Айтаханов

«БЕКТЕМІН»

Отырар ауданы әкімінің  
орынбасары

Р.Әліш  
«15» желтоқсан 2018 ж.

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты
<b>Отырар ауданы әкімдігінің «Арыстанбаб» ЖШС</b>			
1.	«Арыстанбаб» ЖШС-нің 14,8 % мемлекеттік үлесін 2018 жылғы бәсекелестік ортаға беру мақсатында сауда-саттыққа шығару мерзімін бекіту туралы аудан әкімінің қаулысы	2019 жылғы 20 наурыз	
2.	«Арыстанбаб» ЖШС бағалау мен сауда-саттыққа шығару туралы ақпараттық хабарламаларды жариялау үшін тәуелсіз бағалаушыларды және бұқаралық ақпараттық құралдарын (БАҚ) анықтау мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңына сәйкес конкурс жариялап анықтау	2019 жылғы 30 сәуір	
3.	«Арыстанбаб» ЖШС бағалауға беру	2019 жылғы 9 шілде	
4.	«Арыстанбаб» ЖШС-нің бағалау туралы есебіне қабылдау-өткізуді жүргізу	2019 жылғы 9 тамыз	Отырар ауданының «Экономика және қаржы бөлімінің» бас маманы Е.Көлбаев
5.	«Арыстанбаб» ЖШС-нің сату шартын, бастапқы бағасын және жекешелендіру түрін бекіту бойынша комиссия отырысын өткізу	2019 жылғы 12 тамыз	
6.	БАҚ-на «Арыстанбаб» ЖШС сату жөніндегі сауда-саттық туралы ақпараттық хабарламаны жариялау (оның ішінде қайта сауда-саттықтар туралы)	2019 жылғы 4 қыркүйек	
7.	«Арыстанбаб» ЖШС-не қатысты электронды сауда-саттықты өткізу және сауда-саттықтың хаттамасын түзу	2019 жылғы 20 қыркүйек	
8.	Женімпаздармен келісім-шарт жасасу	2019 жылғы 30 қыркүйек	
9.	«Арыстанбаб» ЖШС жекешелендірудің екінші толқыны шеңберінде жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысы туралы ақпаратты облыс әкімдігіне жіберу	тұрақты	
10.	«Арыстанбаб» ЖШС жекешелендірудің екінші толқыны шеңберінде жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысы туралы ақпаратты дайындау	тұрақты	

Экономика және қаржы бөлімінің басшысы

Э.Бейсенова

